Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№13 хаттамасы

Қордай ауылы
ӘDILET» партиясы филиалының мәжіліс залы

30.09.2026 жыл
сағат 10:00

Қатысқандар: аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 9 адам.
Қатыспағандар: - К.Агибаева *(денсаулығына байланысты),* М.Байгелов себепті *(сот отырысында),* М.Аманбаева *(отбасы жағдайына байланысты).*
Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Шақырылғандар: 1. Қордай ауданы әкімінің орынбасары – Сатымқұл Нұрболат Ақынғалиұлы;
2. Қордай ауданы Қорғаныс істер жөніндегі бөлім басшысы подполковник – Саусақбаев Айдын Болатұлы;
3. Әскери қызметке шақыру және әскерден тыс жұмыс бөлімше бастығы – Амержан Медет Дарханұлы;
4. Қордай АПБ бастығының жеке құраммен жұмыс жөніндегі орынбасары – Нуржигитов Нуржан Турсынович;
5. Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы бөлімінің басшысы – Бауыржан Жанетұлы;
6. Ауылдық округ әкімдері
7. БАҚ өкілдері.

Күн тәртібі:

1. Қордай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (әскери комиссариат) атқарған жұмыстарын зерделеу туралы;
2. Жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін бөлу және игеру, сондай-ақ олардың инфрастуктурасының жағдайы туралы;
3. Әртүрлі мәселелер.

Н.Молдабеков:
Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?
Ұсыныс – Бекітілсін.
Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.
Баяндамашыға 5-7 минуттан уақыт белгілейік
Сөз сөйлеушілерге - 3 минуттан уақыт белгілейік, келісесіздерме?
Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ. Онда ұсынысты дауысқа коямын.
Қарсы? – жоқ. Қалыс? – жоқ.

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі бірінші мәселесі бойынша – «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия» төрағасы - Джамангозов Бейкут Тилебалдыевич баяндайды.

Қордай аудандық қоғамдық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, Қордай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметіне, оның ішінде әскерге шақыру науқанының ұйымдастырылуына және бөлімнің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Зерделеу барысында әскерге шақыру науқанының ұйымдастырылуы, азаматтарды әскери қызметке шақыру, әскерден жалтару мәселелері, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары, сондай-ақ қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің материалдық-техникалық жағдайы қаралды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасын қорғау оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндетті.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мерзімді әскери қызметке 18 жастан 27 жасқа дейінгі, әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға заңды негіздері жоқ ер азаматтар шақырылады.

Бүгінгі таңда Қордай ауданында әскери қызметке шақырылуға міндетті азаматтардың жалпы саны 3 786 адамды құрайды.

2026 жылғы көктемгі әскерге шақыру науқаны барысында Қордай ауданынан 188 азамат мерзімді әскери қызметке жөнелтілді. Ұлттық құрамы бойынша олардың 115-і қазақ ұлтының өкілдері, яғни 61,17 пайызды, 17-сі орыс ұлтының өкілдері – 9,04 пайызды, 36-сы дүнген ұлтының өкілдері – 19,15 пайызды, 6-уы әзірбайжан ұлтының өкілдері – 3,19 пайызды, ал 18-і басқа ұлт өкілдері – 9,57 пайызды құрады.

Көктемгі шақыру қорытындыларын талдау әртүрлі ұлт өкілдерін шақыру деңгейінде елеулі теңгерімсіздік (дисбаланс) бар екенін көрсетті.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабына сәйкес, ауылдық округ әкімдері өз құзыреті шегінде жастар арасында қазақстандық патриотизмді нығайту жөнінде тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

Яғни ауылдық округ әкімдіктері тарапынан, әсіресе өзге ұлт өкілдері тығыз орналасқан елді мекендерде, әскери-патриоттық бағыттағы түсіндіру және насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет.

Нақты талдауға келетін болсақ, көктемгі әскерге шақыру науқаны барысында Масаншы ауылынан 12 дүнген, 10 қазақ және 2 орыс азаматы әскери қызметке шақырылған. Бұл ретте ауыл бойынша жоспар 35 адамды құраған.

Ал Сортөбе ауылынан 12 дүнген, 4 қазақ және 1 әзірбайжан азаматы әскер қатарына жөнелтілген. Мұнда да жоспар 35 адамды құраған.

Сонымен қатар, Сарыбұлақ ауылдық округінде бүгінгі таңда 540 түрік ұлтының өкілі тұрады, оның ішінде 25 адам шақырылу жасындағы азаматтар болып табылады. Сондай-ақ 756 күрд ұлтының өкілі тұрады, оның ішінде 21 адам шақырылу жасында.

Алайда көктемгі әскерге шақыру науқаны барысында аталған округтен 12 қазақ және 2 орыс азаматы ғана әскери қызметке жөнелтілген. Сол сияқты, Бетқайнар ауылдық округінен 5 қазақ және 3 орыс азаматы, яғни барлығы 8 азамат әскери қызметке шақырылған.

Бұл көрсеткіштер аталған елді мекендерде әскери-патриоттық тәрбие және әскерге шақыруға байланысты түсіндіру жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізіліп отырмағандығын көрсетеді.

Осыған байланысты ауылдық округ әкімдіктері тарапынан жастармен, ата-аналармен және шақырылу жасындағы азаматтармен әскери қызметтің маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру қажет деп есептейміз.

Құрметті кеңес мүшелері!

Зерделеу барысында әскерге шақырудан жалтару мәселесіне де ерекше назар аударылды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әскери қызметке шақыру туралы хабарлама алғаннан кейін азаматтың белгіленген уақытта ешбір себепсіз келмеуі әскерге шақырудан жалтару болып саналады.

Әскери қызметтен жалтарған жағдайда, мұндай құқық бұзушылық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 387-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес, ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға міндетті.

Ағымдағы жылы Қордай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі тарапынан әскери қызметке шақырудан жалтарған 120-ға жуық азаматқа қатысты заң шеңберінде тиісті шаралар қабылдау туралы Қордай аудандық полиция бөліміне хаттар жолданған.

Анықтама ретінде: 2026 жылғы 15 мамырдағы №1408-008/399 шығыс хатымен 20 азаматқа қатысты, 2026 жылғы 23 сәуірдегі №1408-008/344 шығыс хатымен 30 азаматқа қатысты, 2026 жылғы 10 сәуірдегі №1408-008/313 шығыс хатымен 1 азаматқа қатысты тиісті ақпараттар жолданған.

Алайда зерделеу жүргізілген уақытқа дейін Қордай аудандық полиция бөлімі тарапынан аталған азаматтарға қатысты заңнамада көзделген тиісті шаралардың қабылданбағаны анықталды.

Осының салдарынан әскери міндетін орындаудан жалтарып жүрген азаматтардың бір бөлігі мемлекеттік органдардың тиісті бақылауынан тыс қалып отыр.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №201 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің №388 бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісу бойынша, әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың жергілікті әскери басқару органдарына келуін қамтамасыз ету алгоритмі бекітілгенін атап өткен жөн.

Аталған алгоритмде шақыру іс-шараларынан жалтарып жүрген азаматтардың орналасқан жерін анықтау және оларды жергілікті әскери басқару органдарына жеткізу барысында ішкі істер органдарының іс-қимылдары нақты регламенттелген.

Алайда зерделеу нәтижесінде Қордай аудандық полиция бөлімі тарапынан аталған алгоритм талаптарының тиісінше орындалмауы немесе іс жүзінде толық сақталмауы орын алғаны анықталды.

Соның нәтижесінде жергілікті әскери басқару органы шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіру бойынша іс-шараларды өз бетінше жүргізуге мәжбүр болып отыр. Бұл жағдай ведомствоаралық өзара іс-қимылдың белгіленген тәртібіне қайшы келеді және аталған бағыттағы жұмысты күшейтуді қажет етеді.

Сонымен қатар әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және әскери қызметке шақырудан босату мәселелері де зерделенді.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 35 және 36-баптарына сәйкес, әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың және әскери қызметке шақырудан босатудың заңды негіздері белгіленген.

Есепті кезеңде Қордай ауданында 77 азаматқа әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілген. Олардың ішінде кейінге қалдыру отбасылық жағдайына, денсаулық жағдайына және білім алуды жалғастыруына байланысты берілген. Сонымен қатар діни бірлестіктің дін қызметкеріне әскери қызметке шақырудан босату бойынша 1 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Ендігі кезекте қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне тоқталайын.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру пункттерімен қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың күтіп-ұсталуын, дәрі-дәрмектермен, қажетті керек-жарақтармен, өртке қарсы, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс және күзет құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

Осы бағытта Қордай ауданы әкімдігі тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылған.

Атап айтқанда, 2025 жылы әскерге шақыру пункті ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 6 млн 422 мың теңгеге жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, ағымдағы жылы мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша жеңімпаз болып «Kazyna City» ЖШС анықталып, 4 млн 173,7 мың теңге сомасына ағымдағы жөндеу жұмыстары толық аяқталған.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы бюджетті нақтылау барысында азаматтық қорғаныс іс-шаралары шеңберінде жедел әрекет ету мақсатында бөлімді қызметтік автокөлікпен қамтамасыз ету үшін 7 млн 490 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, нәтижесінде бөлім Chevrolet Cobalt маркалы қызметтік автокөлікпен қамтамасыз етілді.

Бұдан бөлек, қорғаныс істері жөніндегі бөлім ғимаратына 8 аудио-бейнебақылау құрылғысын орнатуға 1 млн 717 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, тиісті жабдықтар орнатылды.

Сонымен бірге зерделеу барысында ғимаратта азаматтарға қажетті ақпаратты орналастыруға арналған ақпараттық стендтердің жоқтығы анықталды.

Осыған байланысты аудан әкімдігіне тиісті ұсыныс енгізіп, ақпараттық стендтерді орнатуға қажетті қосымша қаражат қарастыру қажет деп есептейміз.

Құрметті Нұржан Смағұлұлы!

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері!

Жалпы, зерделеу нәтижесі бойынша Қордай ауданында әскери қызметке шақыру жұмыстарын ұйымдастыру бағытында белгілі бір жұмыстар атқарылып жатқанын атап өткен жөн.

Сонымен бірге әскерге шақыру жоспарын толық орындау, әсіресе өзге ұлт өкілдері тығыз орналасқан елді мекендерде әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын күшейту, әскерден жалтарған азаматтарды анықтау және оларды іздестіру бойынша полиция органдарымен ведомствоаралық өзара іс-қимылды жақсарту қажет.

Осыған байланысты зерделеу қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою және әскери қызметке шақыру жұмыстарын жетілдіру мақсатында тиісті ұсынымдар қабылдау қажет деп санаймыз.

Қордай аудандық қоғамдық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, Қордай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметіне, оның ішінде әскерге шақыру науқанының ұйымдастырылуына және бөлімнің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Зерделеу барысында әскерге шақыру науқанының ұйымдастырылуы, азаматтарды әскери қызметке шақыру, әскерден жалтару мәселелері, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары, сондай-ақ қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің материалдық-техникалық жағдайы қаралды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасын қорғау оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндетті.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мерзімді әскери қызметке 18 жастан 27 жасқа дейінгі, әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға заңды негіздері жоқ ер азаматтар шақырылады.

Бүгінгі таңда Қордай ауданында әскери қызметке шақырылуға міндетті азаматтардың жалпы саны 3 786 адамды құрайды.

2026 жылғы көктемгі әскерге шақыру науқаны барысында Қордай ауданынан 188 азамат мерзімді әскери қызметке жөнелтілді. Ұлттық құрамы бойынша олардың 115-і қазақ ұлтының өкілдері, яғни 61,17 пайызды, 17-сі орыс ұлтының өкілдері – 9,04 пайызды, 36-сы дүнген ұлтының өкілдері – 19,15 пайызды, 6-уы әзірбайжан ұлтының өкілдері – 3,19 пайызды, ал 18-і басқа ұлт өкілдері – 9,57 пайызды құрады.

Көктемгі шақыру қорытындыларын талдау әртүрлі ұлт өкілдерін шақыру деңгейінде елеулі теңгерімсіздік (дисбаланс) бар екенін көрсетті.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабына сәйкес, ауылдық округ әкімдері өз құзыреті шегінде жастар арасында қазақстандық патриотизмді нығайту жөнінде тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

Яғни ауылдық округ әкімдіктері тарапынан, әсіресе өзге ұлт өкілдері тығыз орналасқан елді мекендерде, әскери-патриоттық бағыттағы түсіндіру және насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет.

Нақты талдауға келетін болсақ, көктемгі әскерге шақыру науқаны барысында Масаншы ауылынан 12 дүнген, 10 қазақ және 2 орыс азаматы әскери қызметке шақырылған. Бұл ретте ауыл бойынша жоспар 35 адамды құраған.

Ал Сортөбе ауылынан 12 дүнген, 4 қазақ және 1 әзірбайжан азаматы әскер қатарына жөнелтілген. Мұнда да жоспар 35 адамды құраған.

Сонымен қатар, Сарыбұлақ ауылдық округінде бүгінгі таңда 540 түрік ұлтының өкілі тұрады, оның ішінде 25 адам шақырылу жасындағы азаматтар болып табылады. Сондай-ақ 756 күрд ұлтының өкілі тұрады, оның ішінде 21 адам шақырылу жасында.

Алайда көктемгі әскерге шақыру науқаны барысында аталған округтен 12 қазақ және 2 орыс азаматы ғана әскери қызметке жөнелтілген. Сол сияқты, Бетқайнар ауылдық округінен 5 қазақ және 3 орыс азаматы, яғни барлығы 8 азамат әскери қызметке шақырылған.

Бұл көрсеткіштер аталған елді мекендерде әскери-патриоттық тәрбие және әскерге шақыруға байланысты түсіндіру жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізіліп отырмағандығын көрсетеді.

Осыған байланысты ауылдық округ әкімдіктері тарапынан жастармен, ата-аналармен және шақырылу жасындағы азаматтармен әскери қызметтің маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру қажет деп есептейміз.

Құрметті кеңес мүшелері!

Зерделеу барысында әскерге шақырудан жалтару мәселесіне де ерекше назар аударылды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әскери қызметке шақыру туралы хабарлама алғаннан кейін азаматтың белгіленген уақытта ешбір себепсіз келмеуі әскерге шақырудан жалтару болып саналады.

Әскери қызметтен жалтарған жағдайда, мұндай құқық бұзушылық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 387-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес, ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға міндетті.

Ағымдағы жылы Қордай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі тарапынан әскери қызметке шақырудан жалтарған 120-ға жуық азаматқа қатысты заң шеңберінде тиісті шаралар қабылдау туралы Қордай аудандық полиция бөліміне хаттар жолданған.

Анықтама ретінде: 2026 жылғы 15 мамырдағы №1408-008/399 шығыс хатымен 20 азаматқа қатысты, 2026 жылғы 23 сәуірдегі №1408-008/344 шығыс хатымен 30 азаматқа қатысты, 2026 жылғы 10 сәуірдегі №1408-008/313 шығыс хатымен 1 азаматқа қатысты тиісті ақпараттар жолданған.

Алайда зерделеу жүргізілген уақытқа дейін Қордай аудандық полиция бөлімі тарапынан аталған азаматтарға қатысты заңнамада көзделген тиісті шаралардың қабылданбағаны анықталды.

Осының салдарынан әскери міндетін орындаудан жалтарып жүрген азаматтардың бір бөлігі мемлекеттік органдардың тиісті бақылауынан тыс қалып отыр.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №201 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің №388 бірлескен бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісу бойынша, әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың жергілікті әскери басқару органдарына келуін қамтамасыз ету алгоритмі бекітілгенін атап өткен жөн.

Аталған алгоритмде шақыру іс-шараларынан жалтарып жүрген азаматтардың орналасқан жерін анықтау және оларды жергілікті әскери басқару органдарына жеткізу барысында ішкі істер органдарының іс-қимылдары нақты регламенттелген.

Алайда зерделеу нәтижесінде Қордай аудандық полиция бөлімі тарапынан аталған алгоритм талаптарының тиісінше орындалмауы немесе іс жүзінде толық сақталмауы орын алғаны анықталды.

Соның нәтижесінде жергілікті әскери басқару органы шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіру бойынша іс-шараларды өз бетінше жүргізуге мәжбүр болып отыр. Бұл жағдай ведомствоаралық өзара іс-қимылдың белгіленген тәртібіне қайшы келеді және аталған бағыттағы жұмысты күшейтуді қажет етеді.

Сонымен қатар әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және әскери қызметке шақырудан босату мәселелері де зерделенді.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 35 және 36-баптарына сәйкес, әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың және әскери қызметке шақырудан босатудың заңды негіздері белгіленген.

Есепті кезеңде Қордай ауданында 77 азаматқа әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілген. Олардың ішінде кейінге қалдыру отбасылық жағдайына, денсаулық жағдайына және білім алуды жалғастыруына байланысты берілген. Сонымен қатар діни бірлестіктің дін қызметкеріне әскери қызметке шақырудан босату бойынша 1 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Ендігі кезекте қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне тоқталайын.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру пункттерімен қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың күтіп-ұсталуын, дәрі-дәрмектермен, қажетті керек-жарақтармен, өртке қарсы, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс және күзет құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

Осы бағытта Қордай ауданы әкімдігі тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылған.

Атап айтқанда, 2025 жылы әскерге шақыру пункті ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 6 млн 422 мың теңгеге жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, ағымдағы жылы мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша жеңімпаз болып «Kazyna City» ЖШС анықталып, 4 млн 173,7 мың теңге сомасына ағымдағы жөндеу жұмыстары толық аяқталған.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы бюджетті нақтылау барысында азаматтық қорғаныс іс-шаралары шеңберінде жедел әрекет ету мақсатында бөлімді қызметтік автокөлікпен қамтамасыз ету үшін 7 млн 490 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, нәтижесінде бөлім Chevrolet Cobalt маркалы қызметтік автокөлікпен қамтамасыз етілді.

Бұдан бөлек, қорғаныс істері жөніндегі бөлім ғимаратына 8 аудио-бейнебақылау құрылғысын орнатуға 1 млн 717 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, тиісті жабдықтар орнатылды.

Сонымен бірге зерделеу барысында ғимаратта азаматтарға қажетті ақпаратты орналастыруға арналған ақпараттық стендтердің жоқтығы анықталды.

Осыған байланысты аудан әкімдігіне тиісті ұсыныс енгізіп, ақпараттық стендтерді орнатуға қажетті қосымша қаражат қарастыру қажет деп есептейміз.

Құрметті Нұржан Смағұлұлы!

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері!

Жалпы, зерделеу нәтижесі бойынша Қордай ауданында әскери қызметке шақыру жұмыстарын ұйымдастыру бағытында белгілі бір жұмыстар атқарылып жатқанын атап өткен жөн.

Сонымен бірге әскерге шақыру жоспарын толық орындау, әсіресе өзге ұлт өкілдері тығыз орналасқан елді мекендерде әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын күшейту, әскерден жалтарған азаматтарды анықтау және оларды іздестіру бойынша полиция органдарымен ведомствоаралық өзара іс-қимылды жақсарту қажет.

Осыған байланысты зерделеу қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою және әскери қызметке шақыру жұмыстарын жетілдіру мақсатында тиісті ұсынымдар қабылдау қажет деп санаймыз.(Баяндама тіркелінді). Баяндама аяқталды, сұрақтарыңыз бар ма?

Н.Молдабеков: Олай болса, сұрақтарыңыз жоқ болса, баяндама бойынша Қордай ауданы Қорғаныс істер жөніндегі бөлім басшысы подполковник – Саусақбаев Айдын Болатұлы жауап береді. Ол өз сөзінде былай деді, анықтамада көрсетілген кемшіліктер мен ақарылатын жұмыстар қабылданды. Қазіргі уақытта, күзгі әскери қызметке шақыру науқаны жұмыстары қызу жүруде. Ауданымызға алдын ала берілген жасақ 196. Оның ҚР ҰҚК шекара қызметіне 30 адам, ҚР Ұлттық ұланына 52 адам, МКҚ қызметіне 3 адам, ҚР ҚК қатарына 112. ҚР ҰҚК шекара қызметіне және ҚР Ұлттық Ұлан азаматтар әскер қатарына жөнелтіліп жатыр, Шекара қызметінің қызметкерлерімен 49 ер азамат іріктелді. Қыркүйек айынан бастап мерзімді әскери қызметке жөнелту жұмыстары басталды. Осы қызметтің талаптарының күрделігіне байланысты, 75 пайыз резервпен шақырушылар іріктелінді.

Көктемгі шақыру науқаны 100 пайыз орындалынғанымен, біраз қиындықтар туындады, атап айтқанда шақырту қағаздарын өз қолдарына табыстай алмау, сәйкесінше іздестіруге беру қиындықтарын туғызды;

-Азаматтардың ауылды мекендерде тіркеуде болғанымен, қалада шоғырлануы;

-Шекара аймағындағы елді мекен болғандықтан, аудан азаматтарының біршама бөлігі көрші Қырғызстан елінің жоғары оқу орнында білім алады. Осыған байланысты анықтаманы тексеру мерзімі кезінде ұзақ уақытты алады.

-Шақыру барысында 500 азамат іріктелініп шақырылды, оларға шақырту қағаздарымен бірге СМС хабарламар жіберілді, алайда азаматтардың СМС хабарламаларға немқұрайлы қарағандықтан, жергілікті әскери басқару мекемесіне келмейді, нәтижесінде 100 аса азаматты жергілікті полиция бөліміне іздестіруге берілді, алайда бұл тізім бойынша полиция бөлімі жұмыстар жүргізбеді, тек бірлесіп жасаған рейдтік іс-шара нәтижесінде шақырушылар анықталып, жеткізіліп тұрды.

Ұлттық мәселе бойынша, облыста басқа ұлт өкілінің ең көп шоғырланған мекен Қордай ауданы болып табылады. Алайда басқа ұлт өкілдері мерзімді әскер қатарынан барудан бас тартып, жалтаруда. Әсіресе, Масанчи, Сортөбе, Ауқатты, Қарасу ауылдық округтерінде тұратын азаматтар және осы ауыл округтерінде тіркелінген. Негізінде олар шақыру науқанында Алматы немесе басқа аймақтарда мекен етеді, осы тұрғыда қиындық туғызады. Әрине, өз ара әрекеттің жоқтығынан, әкімшіліктің мамандары әр үйді аралау барысында, жергілікті учаскелік полиция қызметкерлерінен көмектің жоқтығына көп арызданады. Шақырушы ЖӘБО қызметкері де , әкім де мәжбүрлеп алып кете алмайды, тек полиция өкілі жеткізуге құқылы. (ҚР 16.02.2012 жылғы №561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 17 бабының 4 тармағы»). Ауданда 19 ауылдық округ бар, 19 әскери қызметке шақыру маманына 196 адамды орындау қиындық тудырмайды, сондықтан ауыл әкімдері және бас мамандары бірлесіп жұмыс атқаруға шақырамын. Назарларыңызға рахмет!- деп сөзін аяқтады.

Н.Молдабеков: Осы мәселе бойынша полиция қызметкері - Әскери қызметке шақыру және әскерден тыс жұмыс бөлімше бастығы – Амержан Медет Дарханұлы жауап берсін,- деді.

Амержан М.Д.: Жұмысқа келеніме екі күн ғана болды, бұл мәселе бойынша дайындығым жоқ, - деп жауап берді.

Саусақбаев А.Б: Екі күн болды полиция қызметкерлерімен жұмыстар атқарылып жатыр.

Молдабеков Н.С.: Заң аясында анықтамада көрсетілген кемшіліктер бойынша жұмыс атқаруды ұсынды.

Жаманкозев Б.Т: Қордай ауданы Қорғаныс істер жөніндегі бөлім отырған ғимарат қазіргі таңда облыс Қордай ауданы Қорғаныс істер жөніндегі басқармасының назарынан тыс қалып қойған, осыған байланысты аудандық Қоғамдық кеңес атынан хат жолдауды ұсынды.

Қордай ауданы әкімінің орынбасары – Сатымқұл Н.А.: Қордай ауданы Қорғаныс істер жөніндегі бөлім отырған ғимараты аудан әкімдігінің аппаратының теңгеріміне алынатын болады, қазіргі таңда осы мәселе бойынша жұмыстар атқарылуда. Жақында қызметтік автокөлік берілді.

Н.Молдабеков: Тағы сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ. Олай болса, шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? –жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2- қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының төрағасы Б. Жамангөзовтің анықтамасы назарға алынсын.

2. Ауылдық округ әкімдеріне төмендегідей шараларды қабылдау ұсынылсын:

1) жастар арасында қазақстандық патриотизмді және әскери-патриоттық тәрбиені нығайту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу;

2) өзге ұлт өкілдері тығыз орналасқан елді мекендерде шақырылу жасындағы азаматтармен және олардың ата-аналарымен әскери қызметтің маңыздылығы жөнінде түсіндіру жұмыстарын күшейту;

3) әскерге шақыру науқаны барысында белгіленген жоспардың орындалуын қамтамасыз ету.

3. Қордай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне ұсынылсын:

1) әскерге шақырылуға міндетті азаматтарды толық есепке алуды қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыру науқаны кезінде белгіленген жоспардың орындалуын қамтамасыз ету;

4. Қордай аудандық полиция бөліміне ұсынылсын:

1) әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды анықтау, олардың орналасқан жерін анықтау және жергілікті әскери басқару органына жеткізу бойынша заңнамада көзделген шараларды қабылдау;

2) Қордай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен әскерге шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіру және жеткізу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту.

5. Қордай ауданының әкімдігіне ұсынылсын:

1) қорғаныс істері жөніндегі бөлім ғимаратында азаматтарға қажетті ақпаратты орналастыру үшін ақпараттық стендтер орнатуға қажетті қаражатты қарастыру және тиісті шаралар қабылдау;

2) әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және әскери қызметке шақырудан босату бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің заңнама талаптарына сәйкес уақытылы және сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету.

6. Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың қазан айының 31-не дейін жолдау.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша – «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия» төрайымы – Алматаева Айнура Тұрлыбекқызы баяндайды.

Аудандық Қоғамдық кеңестің 2026 жылға арналған жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың қыркүйек айында Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін бөлу, игеру, сондай ақ олардың инфрастуктурасының жағдайына зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Бөлім Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңын басшылыққа ала отырып, қызмет атқарады.

Қордай ауданы бойынша 17791 тұрғын жер кезегіне өтініш білдірген.

2005-2022 жылдың аралығында 758 жер телімі берілді, 2023 жылы берілген жер телім саны 555, 2024 жылы 90 жер телімі берілді, 2025 жылы «Солтүстік және Шығыс» тұрғын алабында 80 жер телімі берілді.

Жалпы жер телімі беріліп жатқан 4 алаб бар, олар Шығыс, Солтүстік, Отар-Жаңа алабы және Батыс алабы. Бұл алабтарда инженерлік коммуникациялық инфрастуктурасы жүргізіліп қазіргі уақытта кезек бойынша беріліп жатыр: Шығыс 1855, Солтүстік 961, Отар Жаңа-алқаб 886, Батыс-250 жер телімдер саны берілді. Барлығы 5509 жер телімі, қазіргі уақытқа 3702 жер телімі берілді, алдағы уақытта тағы 2178 жер телімі берілетін болады, Аухатты 750 жер телімі және Самал-тау 1557 жер телімі берілетін болады.

«Аукатты ауылы жаңа тұрғын алабында ИКИ (инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым) 0,4 кВ ӘЖ электр желілерін салу» нысанының сметалық құны 1,7 млрд. теңге. Мердігер «Таразстрой-2004» ЖШС.

«Аукатты ауылында су құбыры желілерінің инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы» нысанының сметалық құны 732,4 млн. тг., мердігер «Байсын-А» ЖШС.

Аукатты ауылындағы жаңа тұрғын алқабқа электр желілерімен ауыз су құбырының құрылыстары толықтай аяқталған. Аукатты жаңа тұрғын алабындағы электр желілерін орталық желіге қосу электр қуаттылығының жетпеуіне байланысты, «Аухатты а/о-да 110кВ ӘЖ электр беру желісін және 110/35/10 кВ КС қосалқы станцияларының құрылысы жобасы 12.12.2022 ж. № САРС-0230/22 "Бакыт Таны" ЖШС-мен 3,2 млрд теңгеге әзірленген болатын.

Аукатты массив ішіндегі электр желілері электр қосалқы станциясына қосылмаған. Ескісінің қуаттылығы жетпейді. Ал жаңасын салуға 2022 жылы ЖСҚ әзірленген (құны 3,2 млрд.), сараптама қорытындысы ескірді. Жобалаушы мекеме тарапынан ЖСҚ-ға түзету жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, мемлекеттік сараптама қорытындысын алуға электр желілерінің мемлекеттік актілері жасалуда.

- Отар ауылына жаңа тұрғын алқапқа (96 га 886 жер учаскесі) бойынша электр жүйесіне және су жүйесіне ЖСҚ әзірленіп сараптама қортындылары алынып, бюджеттік өтінім жалпы 844 371 мың теңгеге тапсырылды. 2020 жылы электр жүйесіне және су жүйесіне құрылысы жургізіліп пайдалануға берілді. 2021 жылға 1070 жер телімі берілді. Қазіргі уақытта су құбырлары Отар ауылының әкімдігіне тапсырылды, электр желілері толық аяқталмағандықтан берілмей тұр.

Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылында демографияның өсуіне және жер, тұрғын үй алу кезегіне азаматтардың көбеюіне байланысты жаңа тұрғын алқабтар қалыптаса бастады (Шығыс-Солтүстік, Батыс, Отар). Қордай ауылының Қуатты өнірлер бағдарламасы аясында 18 көп қабатты үйлерді салу жоспарланған болатын. Қордай ауылының бас жоспарына сәйкес үйлер «Батыс» ықшам ауданына орналыстыра бастады. Қазіргі таңда 5 үйдің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Болашақта ағынды сулардың мәселесі туындамас үшін коллекторлық тазарту қондырғысын салу Қордай ауданы әкімдігінің құрылыс бөлімі тарапынан 2021 жылы жобасы әзірленген болатын. Жоба облыста қолдауын таппады. 2024 жылы 2 жоба әзірленді жұмыс жобасының мақсаты-Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылындағы "Батыс" тұрғын алабындағы ағынды суларды тазарту.Бірінші жоба КТҚ 1000 кубты 1,5 млрд.теңге, және екінші жоба 190 млн.теңге сарқынды суларды биологиялық тазарту, тұрғын үй алабының сүзу алаңдары бойынша станция құрылысы. Құрылыс салудың перспективалы ауданы қазіргі уақытта ұзындығы 12,0 км орталықтандырылған сумен және ұзындығы 15,6 км электрмен жабдықтаумен қамтамасыз етілген, игеруде 256 жер учаскесі бар, оның ішінде 20 жер учаскесі игерілген, осы шағын ауданда бес көпқабатты 60 пәтерлі тұрғын үй, сондай-ақ 200 орындық ОАА, 150 орындық Полиция учаскесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы бар. Болашақта жерді игеру және 1000 учаскесін беру және тұрғындарға тұрғын үй салу жоспарлануда. Құрметті Бауыржан Жәнетұлы!

Қоғамдық кеңес – мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы байланысты нығайтатын, шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ететін консультативтік-кеңесші және бақылаушы орган.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері Қоғамдық кеңес мүшелеріне өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды беруге міндетті.

Егер тиісті орган немесе мекеме қажетті ақпаратты беруден бас тартса немесе жауапсыз қалдырса, Қоғамдық кеңес мүшелері келесі заңды шараларды қолдана алатынын есіңізге саламын. Бөлім мамандарыңыздан телефон желісі арқылы тиісті бір ақпарат алу өте қиынға түсті. Осыған орай, алдағы уақытта Қоғамдық Кеңес мүшелеріне немқұрайлық таныттауларыңызы сұраймын.

Аудандық Қоғамдық кеңестің 2026 жылға арналған жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың қыркүйек айында Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін бөлу, игеру, сондай ақ олардың инфрастуктурасының жағдайына зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Бөлім басшысы Жәнетұлы Бауыржан- Бөлім Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңын басшылыққа ала отырып, қызмет атқарады.

Қордай ауданы бойынша 17791 тұрғын жер кезегіне өтініш білдірген.

2005-2022 жылдың аралығында 758 жер телімі берілді, 2023 жылы берілген жер телім саны 555, 2024 жылы 90 жер телімі берілді, 2025 жылы «Солтүстік және Шығыс» тұрғын алабында 80 жер телімі берілді.

Жалпы жер телімі беріліп жатқан 4 алаб бар, олар Шығыс, Солтүстік, Отар-Жаңа алабы және Батыс алабы. Бұл алабтарда инженерлік коммуникациялық инфрастуктурасы жүргізіліп қазіргі уақытта кезек бойынша беріліп жатыр: Шығыс 1855, Солтүстік 961, Отар Жаңа-алқаб 886, Батыс-250 жер телімдер саны берілді. Барлығы 5509 жер телімі, қазіргі уақытқа 3702 жер телімі берілді, алдағы уақытта тағы 2178 жер телімі берілетін болады, Аухатты 750 жер телімі және Самал-тау 1557 жер телімі берілетін болады.

«Ауқатты ауылы жаңа тұрғын алабында ИКИ (инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым) 0,4 кВ ӘЖ электр желілерін салу» нысанының сметалық құны 1,7 млрд. теңге. Мердігер «Таразстрой-2004» ЖШС. «Ауқатты ауылында су құбыры желілерінің инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы» нысанының сметалық құны 732,4 млн. тг., мердігер «Байсын-А» ЖШС.

Ауқатты ауылындағы жаңа тұрғын алқабқа электр желілерімен ауыз су құбырының құрылыстары толықтай аяқталған. Ауқатты жаңа тұрғын алабындағы электр желілерін орталық желіге қосу электр қуаттылығының жетпеуіне байланысты, «Аухатты а/о-да 110кВ ӘЖ электр беру желісін және 110/35/10 кВ КС қосалқы станцияларының құрылысы жобасы 12.12.2022 ж. № САРС-0230/22 "Бакыт Таны" ЖШС-мен 3,2 млрд теңгеге әзірленген болатын.

Ауқатты массив ішіндегі электр желілері электр қосалқы станциясына қосылмаған. Ескісінің қуаттылығы жетпейді. Ал жаңасын салуға 2022 жылы ЖСҚ әзірленген (құны 3,2 млрд.), сараптама қорытындысы ескірді. Жобалаушы мекеме тарапынан ЖСҚ-ға түзету жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, мемлекеттік сараптама қорытындысын алуға электр желілерінің мемлекеттік актілері жасалуда.

- Отар ауылына жаңа тұрғын алқапқа (96 га 886 жер учаскесі) бойынша электр жүйесіне және су жүйесіне ЖСҚ әзірленіп сараптама қортындылары алынып, бюджеттік өтінім жалпы 844 371 мың теңгеге тапсырылды. 2020 жылы электр жүйесіне және су жүйесіне құрылысы жургізіліп пайдалануға берілді. 2021 жылға 1070 жер телімі берілді. Қазіргі уақытта су құбырлары Отар ауылының әкімдігіне тапсырылды, электр желілері толық аяқталмағандықтан берілмей тұр.

Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылында демографияның өсуіне және жер, тұрғын үй алу кезегіне азаматтардың көбеюіне байланысты жаңа тұрғын алқабтар қалыптаса бастады (Шығыс-Солтүстік, Батыс, Отар). Қордай ауылының Қуатты өңірлер бағдарламасы аясында 18 көп қабатты үйлерді салу жоспарланған болатын. Қордай ауылының бас жоспарына сәйкес үйлер «Батыс» ықшам ауданына орналыстыра бастады. Қазіргі таңда 5 үйдің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Болашақта ағынды сулардың мәселесі туындамас үшін коллекторлық тазарту қондырғысын салу Қордай ауданы әкімдігінің құрылыс бөлімі тарапынан 2021 жылы жобасы әзірленген болатын. Жоба облыста қолдауын таппады. 2024 жылы 2 жоба әзірленді жұмыс жобасының мақсаты-Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылындағы "Батыс" тұрғын алабындағы ағынды суларды тазарту.Бірінші жоба КТҚ 1000 кубты 1,5 млрд.теңге, және екінші жоба 190 млн.теңге сарқынды суларды биологиялық тазарту, тұрғын үй алабының сүзу алаңдары бойынша станция құрылысы. Құрылыс салудың перспективалы ауданы қазіргі уақытта ұзындығы 12,0 км орталықтандырылған сумен және ұзындығы 15,6 км электрмен жабдықтаумен қамтамасыз етілген, игеруде 256 жер учаскесі бар, оның ішінде 20 жер учаскесі игерілген, осы шағын ауданда бес көпкабатты 60 пәтерлі тұрғын үй, сондай-ак 200 орындық ОАА, 150 орындық Полиция учаскесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы бар. Болашақта жерді игеру және 1000 учаскесін беру және тұрғындарға тұрғын үй салу жоспарлануда.Құрметті Бауыржан Жәнетұлы!

Қоғамдық кеңес – мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы байланысты нығайтатын, шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ететін консультативтік-кеңесші және бақылаушы орган.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері Қоғамдық кеңес мүшелеріне өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды беруге міндетті.

Егер тиісті орган немесе мекеме қажетті ақпаратты беруден бас тартса немесе жауапсыз қалдырса, Қоғамдық кеңес мүшелері келесі заңды шараларды қолдана алатынын есіңізге саламын. Бөлім мамандарыңыздан телефон желісі арқылы тиісті бір ақпарат алу өте қиынға түсті. Осыған орай, алдағы уақытта Қоғамдық Кеңес мүшелеріне немқұрайлық таныпауларыңызы сұраймын.

(Баяндама тіркелінді). Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ.

Н.Молдабеков: Әр ауылдың ген планы бар ма ?

Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы бөлімінің басшысы – Бауыржан Жанетұлы, 2014-2015 жасалған 18 ауылдық округтер ген пландар бар. Біраз қиындықтар туындауда, экологиялық сараптамаларға байланысты, бірақ осы мәселе төңірегінде жұмыстар атқарылуда.

Н.Молдабеков: Легализация мәселесі бойынша өзекті мәселелер жоқ па?

Бауыржан Ж: Жоқ .

Сатымқұл Н.А.: Генплан созылып келе жатыр, ген.кадастрға енгізілуі керек, бірақ жұмыстар атқарылуда.

Н.Молдабеков: Олай болса, сұрақтарыңыз жоқ болса, шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? –жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2- қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін бөлу және игеру, сондай-ақ олардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының жағдайы туралы ақпараты назарға алынсын.

- Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі басшысы Б.Жәнетұлына:
- жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін беру жұмыстарын қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүйелі түрде жүргізу;
- кезекте тұрған азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін ескере отырып, жер учаскелерін бөлу жұмыстарының ашықтығын қамтамасыз ету;
- берілген жер учаскелерінің нақты игерілуіне мониторинг жүргізу;
- жаңа тұрғын алқаптарды инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстарын кезең-кезеңімен жүзеге асыру;
- «Ауқатты» жаңа тұрғын алабындағы электр желілерін орталық жүйеге қосу мәселесін шешу бойынша тиісті жұмыстарды жеделдету;
- «Отар» жаңа тұрғын алабындағы электр желілерінің құрылысын толық аяқтау және нысанды пайдалануға беру мәселесін қарастыру;
- «Батыс» тұрғын алабындағы сарқынды суларды тазарту мәселесін шешу бойынша әзірленген жобаларды іске асыру мүмкіндігін қарастыру және тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыс жүргізу;
- жер учаскелерін беру мен инженерлік инфрақұрылымды дамытуға қатысты өзекті мәселелер бойынша тұрақты бақылауға алынсын.

2. Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 1-ші қарашасына берілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (төрайымы А.Алматаева).

Әр түрлі мәселелер бойынша қазан айында зерделеу жұмыстары:

1. Аудандағы ауылдық елді мекендер тұрғындарының сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде атқарып жатқан жұмыстары туралы *(Қордай СУ, АқСу)* – «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Агибаева Кенжекуль Туменбаевнаға тапсырылады.
2. Аудан әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің аудан бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізуі туралы жұмысының нәтижелері бойынша есептерін талқылау – «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына тапсырылады.
3. Аудандық орталық стадионына күрделі жөндеу жұмыстарына қоғамдық бақылау (мониторинг) жүргізу.

Н.Молдабеков: Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы **Н.Молдабеков**

Қоғамдық кеңес хатшысы **Р.Имашева**